

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 131 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69-баптын 4 тармағына, 71-1 баптын 2 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес Темір ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Ақтөбе облысының энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Қайыңды ауылдық округі, Құмқұдық, Шибұлақ, Бабатай ауылдарына жеткізуші және кентішілік газ құбырын орналастыру және қызмет көрсету үшін жалпы көлемі 2,7956 га жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қоймай, тұрақты жер пайдалану құқығына қауымдық сервитут қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Темір ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Темір ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі

А. Жақсылықов

Темір ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "25" мамырдағы
№ 131 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелері

Учаске №	Жер учаскелері берілетін жердегі ж е р пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі (гектар)	оның ішінде	
			Жайылым, га	Басқа да жерлер, га
1	"Амир" шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер)	0,9052		0,9052
2	"Жақия" шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер)	0,5579		0,5579

3	" Аман-Есен-Құмқұдық" шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер)	0,5620		0,5620
4	Қайыңды ауылдық округі	0,7705		0,7705
Барлығы:		2,7956		2,7956

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК